

жатады. Осылардың негізінде әр тәрбиешінің бойында, ойында әдістеменің озық үлгілері жинақталады. Сонымен қатар олар күнделікті жұмыс тәжірибесінде озат тәрбиешілердің шеберліктерінде пайдалана алатын болады. Бұлардың барлығы, сайып келгенде, әдістемедегі белгілі бір жүйелікті қалыптастырады.

Жаңашыл тәрбиешілер практикум, конференция, іскер ойын сияқты әдістерді енгізіп отыр. Мұның өзі тәрбиешінің бірыңғай мақсатын - өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеудегі еңбегін ортақ арнаға тоғыстырады. Сондықтан да балалардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелеуде. Жаңа технологияны меңгеруде тәрбиешінің жан-жақты білімі қажет. Тәрбиеші жаңа педагогикалық технологияны біріншіден – оқып үйренеді, екіншіден – меңгереді, үшіншіден – жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден – оны дамытып, нәтижесін тексереді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдардың өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі - өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Бұрынғы бала тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі бала өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән береміз. Яғни, бұрынғы кезде тәрбиеші мен бала қарым-қатынасы «субъект-объект» бағытында болса, қазіргі кезде бала тұлғасын дамыту қарым-қатынасында «субъект-субъект», «тұлға-тұлға» бағытын ұстану керек. Өйткені, қазіргі бала дүниетанымдық қабілеті жоғары; дарынды, өнертапқыш; ізденімпаз; талапты, өз алдына мақсат қоя білетін болуы тиіс.

Осындай қасиеттерді баланың бойында қалыптастыратын қазіргі тәрбиешінің бойында мынандай қасиеттер болуы тиіс: педагогикалық өзгерістерге тез төселе алатын; педагогикалық үрдісте жұмыс істей алатын; жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын; балалармен тез тіл табыса алатын; білімді, шебер, іскер болуы тиіс.

Қорыта келгенде, біз қоршаған ортамен таныстыруда инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың дүниетанымының қалыптасуына, олардың ой-өрісінің дамуына, шығармашылық жұмыстармен айналасуына, білім сапасын арттыруға, өздерінің өй-пікірлерін жеткізе білетіндей жұмыстарын жүргізуіміз қажет. Бұл арқылы біз балалардың өз бетінше іс атқаруын қамтамасыз етеміз деп ойлаймыз. Инновациялық технологияларды тиімді, әрі дұрыс қолданса, білім сапасын арттыруға болатынына толық көзіміз жетеді.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға дейінгі білім дамыту тұжырымдамасы. – А., 2016.
2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, Ақорда. – 2012.
3. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру. – Алматы: Жазушы, 2010.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – А., 2016.

\*\*\*\*\*

УДК 37.015.3

### ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МУЗЫКОТЕРАПИИ В РАБОТЕ С ДЕТЬМИ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

**Атемкулова Н.О.**

*Казахстан, г. Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

**Резюме.** В статье говорится о магической силе музыкотерапии, которая позитивно влияет на внутреннее душевное состояние детей в дошкольном возрасте, создает приятные эмоции, позволяя ему выстраивать свой маленький мир.

**Ключевые слова.** Арт-терапия, музыкотерапия, мелодия, психотерапия

### THE EFFECTIVENESS OF USING MUSIC THERAPY IN WORK WITH PRESCHOOL AGE CHILDREN

**Atemkulova N.O.**

*Kazakhstan, Almaty city, Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

**Summary.** The article deals with the magical power of music therapy, which positively influences the inner state of children mind in preschool age, creates pleasant emotions, allowing them to build their small world.

**Keywords.** Art-therapy, music therapy, melody, psychotherapy

Проблема развития детей дошкольного возраста является неотъемлемой частью государственной политики, тесно связанной с национальной стратегией развития. Ребенок - наше будущее. Поэтому дошкольное образование и обучение являются гарантией не только успешности ребенка, но и светлого будущего нашей страны. Это первый уровень непрерывного образования. Основной целью дошкольного образования и обучения является формирование и развитие личности ребенка [1].

В последнее время в образовательном процессе широко используется концепция «Арт-терапии». Основная цель арт-терапии - развивать самовыражение и самосознание детей. Художественная терапия - это не только признание ребенка ребенком, но и рисунок, пение, слушание сказок и так далее. Помощь в преодолении чрезмерных эмоций посредством творческой энергии [2].

В настоящее время существует несколько видов арт-терапии: музыкотерапия, танцевальная терапия, визуальная терапия, драма-терапия, сказка-терапия, игровая терапия, кукольная терапия, цвето-терапия, песочная терапия, библио-терапия, маска-терапия и т.д. В нашем случае речь идет о музыке. Музыкальная терапия - психотерапевтическая техника. С давних пор известно о терапевтическом эффекте музыки.

Благодаря использованию методов музыкотерапии, дети учатся связывать свое творчество с широким спектром явлений, происходящих вокруг, в ребенке просыпается чувство своей души - сознание мира, обогащение ума [3]. Музыкальная терапия является лечением детей и взрослых, адаптации, обучения и образования, а также психической и эмоциональной коррекцией. «Музыка - это средство для терапии при прослушивании». Термин происходит от греческого слова для латыни и означает «восстановление от музыки». Существует много определений этой концепции. Адаптация, профилактика, улучшение органических запасов; инструмент для оптимизации творческого и педагогического воспитания; один из новых психологических приемов, необходимых для обеспечения эффективного функционирования человека в обществе и координации его психологической жизни.

Каждая музыкальная пьеса полна информации, которая вдохновляет человека и влияет на его жизнь. Существует два типа музыкотерапии: активный и пассивный. При прослушивании активной музыки слушатель помогает музыке, включается или управляет ритмом вручную. Он также может играть на инструменте. Пассивный слушатель просто слушает музыку, открывающую его внутренний мир.

По словам музыкальных терапевтов, лучше всего проводить каждый день сеанс музыкотерапии. Достаточно времени оригинального прослушивания 10-15 минут. Затем можно продлить время терапии. Музыкальная терапия широко используется в детском саду, чтобы дать музыкальным композициям изменить чувство тела в мире, дать ему ощущение эмоций, депрессии, настроения. Музыкальные инструменты с терапевтическими эффектами: думбра, кобыз, фортепиано, они успокаивают нервную систему; скрипка, флейта - расслабляют; кларнет - улучшает кровообращение, восстанавливает сердечно-сосудистую систему.

Использование музыкальной терапии в детском саду может решить ряд проблем: устранить барьер психологической защиты ребенка - успокоить или активировать; способствовать общению между взрослыми и детьми. Музыка способствует развитию коммуникативных и творческих способностей, делает это весело с играми, пением, танцами, движениями, импровизацией в инструментах.

Эффект может быть достигнут путем воспроизведения музыки в специальных классах. Музыкальная терапия проводится в ритмических играх в небольших группах, дыхательной гимнастике, постепенном уменьшении данного ритма. Жесткость музыкального звука должна быть строго дозирована.

Музыкальная терапия включает прослушивание музыкальных произведений; пение песен; координацию музыки и визуальной деятельности; воспроизведение музыкальных инструментов для детей; музыкальные упражнения; ритмические жесты. Можно использовать не только классическую музыку, но и современную, и популярную музыку

Российский психолог П.Я. Гальперин отмечал важность звука в качестве источника знаний, эмоционального воспитания. Поэтому музыкальная терапия может продемонстрировать способность ребенка действовать. Влияние музыкальной терапии на ребенка поможет способствовать воспитанию свободной, смелой, творческой личности.

#### **Литература**

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. - Астана, 2010.
2. Эдит Крамер. Арт-терапия с детьми. Издательство: Генезис, 2013. – 320с.
3. Алиева С.А. Арт-терапия в коррекции эмоциональных проблем дошкольников. // Интернет-журнал «Талантливый педагог». № 4, 2013
4. Гальперин П.Я. Введение в психологию. Учебное пособие для вузов. — 2-е изд. — М.: Университет, 2000. — 336 с.

### **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА МУЗЫКА ТЕРАПИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Атемкулова Н.О.**

*Қазақстан, Алматы қ, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала - біздің болашағымыз. Демек, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол – үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр [1]. Бүгінгі

педагогикалық тәжірибеде оны жүзеге асырудың көптеген әдіс-тәсілдері жинақталған. Баланы бесікке бөлеуден – ақ бесік жырымен әлдилей отырып, әуенмен құлағына ұлттық қасиет пен оған деген қадір – құрметті қалыптастыра білген жүрегі кең аналар мен ақ жаулықты әжелердің балаға, оның тағдырына деген үлкен жауапкершілігінен байқауға болады. Сондықтан да балабақшада музыкалық тәрбие беру үрдісін халық қазынасына негіздеп алған өте тиімді болмақ.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуде музыканың алатын орны ерекше. Рухани жан азығы ең әуелі нәрестеге бесік жыры арқылы әуезді әуенмен беруден басталады. Ол біз әлі жарық дүниеге келмеген кезде жанымыз алатын білімді оятады. Бұл бізді жігерлі және дені сау ететін ең күшті құрал екенін адамдар түсінген сайын болашақта білім беруде музыка мен әннің оқу мен жазу сияқты қажетті болатынына шек келтіруге болмайды.

Лев Толстой айтқандай: «Музыка – әлемдегі ең жоғары өнер». Музыка адамзат ойлап тапқан ең керемет жаңалықтардың бірі. Адам жақсы музыка тыңдаса көңіл - күйі көтеріліп, мінезі жайдарылана түсетіні баршамызға аян. Музыка алдымен адамның жүрек соғысын реттейді екен. Сол арқылы шерді тарқатып, көңілді жайландырады. Сонда дене жайбарақат күйге түседі. Бұл күй бүйрек, бауыр, ас қорыту, қан айналымына да оң әсер ететіні анықталған. Жүкті әйелдер таңертең және кешке қарай, ұйықтар алдында баяу ойналатын жағымды музыка тыңдап жүрсе іштегі нәресте сабырлы, төзімді болып туылады дейді. Сонымен бірге сәбидің есту және есте сақтау қабілеті жақсы дамиды екен. Мұндай балалар мейірімді болатыны да дәлелденген. Сондықтан соңғы кезде медицина саласында жүкті әйелдерге «музыка терапиясы» арқылы қызмет ету ұсынылған.

Соңғы кезде психотерапиялық әдістердің жаңа түрі «Арт-терапия» ұғымы кеңінен қолданып, үлкен жетістіктерге ие болуда. Алғашқы «Арт-терапия» түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат, ауру, немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, қазіргі кезде оның қолданыс аясы, шеңбері кеңеюде. Яғни бұл терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы қасиеттердің мүмкіндігін түсініп ашуға да жағдай жасайды.

«Арт-терапия» – *термині* (art – өнер, arttherapy – өнер арқылы терапия жүргізу), яғни өнер арқылы емдеу дегенді білдіреді. Арттерапияның негізгі мақсаты- баланың өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі тануын өнер арқылы дамыту. Арт-терапия баланың тек өзін тануы ғана емес, сурет салдыру, ән айтыру, ертегі тыңдату т.б. арқылы шектен тыс эмоцияларды тудыратын проблемаларды жеңуге, шығармашылық энергияның шығуына көмектеседі [2].

Қазіргі таңда арт-терапияның бірнеше түрлері бар. Олар: музыка терапиясы, би терапиясы, бейнелеу терапиясы, драма терапиясы, ертегі терапиясы, ойын терапиясы, қуыршақ терапиясы, гүл терапиясы, құм терапиясы, киндер-сюрприз терапиясы, құм терапиясы, библиотерапиясы, маска терапиясы т.б.

Біз соның ішінде музыка терапиясына тоқталайық. Музыка терапиясы – бұл психотерапевтикалық әдіс. Музыканың терапиялық әсері ықылым заманнан бері белгілі. Музыка терапиясының негізгі тетіктерінің әсері әр адамға ыңғайлы, әрі қолайлылығын көрсетеді: біріншіден, ырғақ сақталған музыка мидың бөліктеріне әсер ету арқылы оның жұмыс істеуіне көмектеседі. Екіншіден, әр музыканың өзіндік белгілері бар. Адамның белгілі бір жағдайы мен көңіл - күйімен байланыса отырып, адам бойында белгілі бір сезімнің пайда болуына әсер етеді.

Музыка терапиясы әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы балалардың бойынан айналадағы болып жатқан сан – алуан құбылыстарды өз шығармашылығымен байланыстыра білуге және де көркем сөзбен кестелеп, бала жүрегіне жеткізу оның жан – дүниесін байытып, сана сезімін оятып, ақыл ойын дамытуға көп мән беріп отырған жөн [3]. Музыка терапиясы арқылы сұлулықты, көркемдікті сездіртіп үйретіп қана қоймай, өз бойына сіңіре білуді әдет-дағдыларына айналдыру. Баланың тыңдай білу қабілетін арттыру. Әуен әсер етудің негізгі жетекші факторы ретінде қолданыла алады.

Музыка терапиясы – бұл балалар мен ересектерді емдеуде, бейімдеуде, оқыту мен тәрбиелеуде, сондай-ақ баланы психикалық – эмоциялық түзеуде музыканы бақылай отырып қолдану. «Музыка – бұл тыңдау арқылы емдейтін дәрі». Бұл термин грек - латын сөзінен пайда болған және аударғанда «музыкамен сауығу» дегенді білдіреді. Бұл ұғымның көптеген анықтамасы бар. Ғалымдардың басым көпшілігі «музыка терапиясын - психотерапияның қосымша және емделушілерді күрделі терапевтік әдістерді қолдануға ерекше дайындау құралы» - деп санай отырып, мынадай анықтамалар береді: музыканы аурудың немесе ауруға шалдығудың физиологиялық және психологиялық әлеуметтік аспектілерін емдеуге жүйелі қолдану; бейімдеу, алдын - алу, ағзаның сақтық мүмкіндігін арттыру құралы; шығармашылық жігерді және педагогикалық тәрбие жұмыстарын оңтайландыру құралы; адамның қоғамдағы тиімді қызметін қамтамасыз етуге, оның психологиялық өмірін үйлестіруге тартылған жаңа психологиялық техниканың бір түрі.

Әрбір музыкалық шығарма адамды қуаттандыратын, оның өміріне әсер ететін көптеген ақпаратқа толы. Музыкотерапияның екі түрі болады: Белсенді және енжарлы. Белсенді музыка тыңдау кезінде тыңдаушы музыканың шығуына өзі көмектеседі, қосылады немесе ырғағын қолмен соғып келтіреді. Сонымен қатар ол аспапта да ойнай алады. Ал енжарлы тыңдаушы оның ішкі дүниесін ашатын музыканы жай тыңдап қана сауығады.

Музыка терапевтерінің айтуынша, музыкотерапия сеанстарын күн сайын өткізгеніңіз жөн. Алғашында шығармаларды тыңдау уақыты 10-15 минут болса, жеткілікті. Кейін терапия уақытын ұзартуға болады. Тыңдайтын шығармалар сізге түсінікті, құлаққа жағымды болуы — басты шарт. Егер де музыка жағымсыз естіліп, сізді шаршатып жіберсе, өзіңізге ұнайтын шығармаға ауыстырып алғаныңыз абзал. Музыкотерапияны тыныштықта, жайлы креслода отырып, өткізгеніңіз дұрыс.

Музыка терапиясын балабақшада музыкалық туындылардың мүмкіндіктері баланың дүниені сезінуінің құрылымын өзгерту мақсатында, оның сезімін, күйзелісін, көңіл - күйін беру үшін кеңінен қолданылады. Терапиялық әсері бар музыкалық аспаптар: домбыра, қобыз, қыл қобыз, фортепиано – әсерлегіштікті азайтады, жүйке жүйесін тыныштандырады; скрипка, флейта – босаңсытады; кларнет – қан айналымын жақсартады, жүрек - қан тамыр жүйесін қалпына келтіреді.

Балабақшада музыка терапиясын қолдану бірқатар проблемаларды шешуге: баланың психологиялық қорғанысы кедергісін жоюға – тыныштандыруға немесе, керісінше бағдарлауға, белсендіруге, қызықтыруға, бала мен ересек арасында байланыс орнатуға; коммуникативтік және шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға көмектеседі; оны қызықты іспен – ойындармен, ән салумен, бимен, қимылдармен, аспаптарда импровизациялаумен айналысуға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі жаста белсенділік таныту әсеріне түрлі ойындарды музыкамен сүйемелдеу, арнайы түзеу сабақтары арқылы қол жеткізіледі. Музыкалық терапия кіші топтардағы ырғақтық ойындармен, тыныс алу гимнастикасымен, берілген ырғақты екіпінді біртіндеп азайта отырып өткізілетін сабақтар түрінде жүзеге асырылады. Музыка дауысының қаттылығы қатаң түрде дозалануы тиіс [4].

Дыбыс қатты да болмауы, сонымен қатар шектен тыс ақырын да болмауы қажет. Музыка терапиясы музыкалық туындыларды тыңдауды; әндер айтуды; музыка мен бейнелеу іс-әрекеттерін үйлестіруді; балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнауды; музыкалық жаттығуларды; ырғақтық қимылдарды қамтиды. Жұмыста тек классикалық музыканы ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы және халық музыкасын да қолдануға болады.

Ресей психологы П.Я.Гальперин: «Балаға берілетін білім оның көзіне көрінетіндей, құлағына естілетіндей және қолына ұстайтындай болуы керек, яғни бала білімді өзінің сезім мүшелерімен терең сезінуі керек, сезімге әсер еткен білім ғана балада жеңіл қабылданып, ұзақ есінде сақталады» - деген болатын. Сондықтан музыка терапиясы арқылы бала өзін іс – әрекетке қосып, бойындағы бар қабілетін көрсете алуға мүмкіндігі бар. Сондықтан музыка терапиясы арқылы балаға ықпал ету оның еркін, батыл, шығармашыл тұлға болып қалыптасуына жол ашары анық.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
2. Эдит Крамер. Арт-терапия с детьми. Издательство: Генезис, 2013. – 320 с.
3. Алиева С.А. Арт-терапия в коррекции эмоциональных проблем дошкольников. // Интернет-журнал «Талантливый педагог». № 4, 2013.
4. Гальперин П.Я. Введение в психологию. Учебное пособие для вузов. — 2-е изд. — М.: Университет, 2000. — 336 с.

\*\*\*\*\*

УДК 373.2: 502

### **ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДЕТЕЙ ЧЕРЕЗ ОЗНАКОМЛЕНИЕ С ОКРУЖАЮЩИМ МИРОМ**

**Манкеш А.Е., Сейтбек У.С.**

*Казахстан, г. Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

**Резюме.** В данной статье рассмотрены особенности развития познавательной активности детей через окружающую среду. Раскрыты определения познавательной активности. Показаны пути развития познавательной активности детей дошкольного возраста.

**Ключевые слова.** Познавательная активность, познавательная деятельность, окружающая среда.

### **THE FEATURES OF CHILDREN INFORMATIVE ACTIVITY DEVELOPMENT**

**Mankesh A.E., Seitbek U.S**

*Kazakhstan, Almaty, Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

**Summary** This article discusses the possibility of children cognitive activity development through the environment. The concept of cognitive activity is defined in the article. The features of preschool children informative activity development are shown.

**Keywords.** Informative activity, informative environment, preschool institution.

Согласно Концепции развития образования в стране, главная цель состоит в том, чтобы улучшить дошкольное образование путем предоставления равных возможностей для детей. В связи с этим, развитие познавательной деятельности посредством презентации окружающей среды является одним из приоритетов [1].

Сегодня специалисты в области практического образования уделяют особое внимание развитию навыков. Должна быть улучшена профессиональная подготовка воспитателей детского сада, в том числе и в области знаний психологических особенностей детей, умений представлять знания о мире, об окружающей среде.